

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Топ: ерте жас «Балапан»

Балалардың жасы: 1 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 12.02 - 16.02.2024ж.

Педагогтың аты-жөні Аяпергенова А.А. Топорбаева Р.Е.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кенес, әңгімелесу	Әңгімелесу: "1-2 жасар бала үшін шынықтыру шараларын таңдау ерекшеліктері", "1-2 жасар баланың физиологиялық ерекшеліктері", "Мектеп жасына дейінгі балаларға қандай киімді кигізу керек?".				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер өскен топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күту барысында суарудың үлгісін көрсету; балаларды сусепкішті ұстап, суару амалына үйрету.	"Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, үйкелеп жууын қадағалау; өз орамалын тауып, қолын сүртіп, орнына ілуге дағдыландыру; қолының тазалығын байқауға ынталандыру, мақтау.	"Үстел-үсті ойыны" Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сұртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ұсақ бөлшектерді өздігінен орнына сала білуге дағдыландыру, әрекеттің барысын бақылау, мақтау, қолдау.	"Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін қалыптастыру, мақтау.	"Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.
	Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелермен ойындар алдында саусақтарын жаттықтыруға ынталандыру; қолдардың	«Шар» жаттығуы Қолға, алып шарды, Үрлеймін мен былай. Уф-ф-ф, Үрлеймін деп қатты, Жарып алдым шарды. Пах.	«Отбасы» саусақ гимнастикасы Мақсат-міндеттер. Қолдың, есте сақтаудың ұсақ моторикасын дамыту. Сәлем саған-ата,	"Қарды ұшырайық" тыныс алу жаттығуы (мақтаны қолдану). Мақсат-міндеттер. Балалардың тыныс алу жүйесін дамыту; қардың қасиеті жөнінде	«Құстар» ойын-имитациясы. Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық мәдениетін дамыту; көркем сөзді айту,

	<p>ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Біз текшені жинаймыз, Мұнараны құраймыз: Жұдырыққа жұдырық Қоямыз, санаймыз.</p> <p>Бір, екі, үш, төрт, Бір, екі, үш, төрт, Жұдырыққа жұдырық, Биікке қалаймыз.</p> <p>Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Салем саған-апа. Салем саған-әке, Салем саған-ана Бұл саусақ мен (кішкентай саусақ). Бұл менің бүкіл отбасым. (Шапалақтау). (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; жасалып жатқан жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Алғашында педагог балаларға жаттығуды жасау үлгісін көрсетеді: мақта мамығын ашылған алақанға салып, үздіксіз үрлейді. - Балалар, мамық қарды ұшырайықшы. Мен алақанымды ашып, оған үздіксіз үрлеймін. - Қарға не болды? - Иә, қар ұшып кетті. Ұзақ уақыт қалықтар, Жау, жау енді, Мамық қар! Қ. Мырзалиев Педагог баланың әрқайсына мақта кесегін (мамығын), алақанына салатындай көлемде береді. Жаттығуды ұзаққа созуға қажет емес. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>	<p>қуанту қабілетін қалыптастыру. Құрал-жабдықтар: құстардың маска-тақиялары. Қарлығаш боп ұшайық, Қарға болып секірейік. Торғай болып қонайық, Тоқылдап боп шоқиық. (сөйлеуді дамыту)</p>
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).</p> <p>1. Б.қ. : Отыру, аяқтар бірге, доп екі қолда, қолдар төменде. Қолдарымызды жоғары көтеріп, допқа қарау, қолдарымызды төмен түсіреміз (4-6 рет).</p> <p>2. Б.қ.: Тұрып, доп екі қолда, қол төменде. Отырып, допты еденге аздап ұру, түзеліп тұру (4-6 рет).</p> <p>Педагог жаттығуды балалармен бірге орындайды, балалардың еңкеймей, отыруларын қадағалайды.</p>				

	<p>3.Б.қ.: Отыру, аяқтар бірге, допты екі қолмен ұстау, тізеде. Бір жаққа бұрылыңыз, допты еденге тигіземіз, түзу тұрамыз. Басқа бағытта да солай жасаймыз (әр бағытта 3-4 рет).</p> <p>4. Б.қ.: Тұрып, доп еденде. Педагог допты еденге соғып, балалардың назарын доптың қаншалықты оңай секіретіндігіне аударады және бәрін осылайша секіруге шақырады (15-20 с). Сабырлы жүру.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемей. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.</p> <p>Көркем сөз.</p> <p>Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас!</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Қуаныш шеңбері.</p> <p>Мақсат-міндеттері: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қайырлы таң, көздерім (Қабакты сипау) - Сендер ояңдыңдар ма? (Үлкен және сұқ саусақтан "дүрбі" жасау) - Қайырлы таң құлағым! (Алақанмен құлақты сипау) - Сендер ояңдыңдар ма? (Саусақтарды кең ашып, құлаққа тигізу) - Қайырлы таң, қолдарым! (Екі қолды кезек-кезек сипау) - Сендер ояңдыңдар ма? (Қол шапалақтау) - Қайырлы таң, күн! (Қолды жоғары созу) - Мен ояңдым! (Басты жоғары көтеру) <p>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Дене шынықтыру</p> <p>"Қоянға шынығуға көмектесейік"</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың</p>	<p>Музыка</p> <p>«Бір үйде біз нешеуміз?»</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды шеңбер бойымен қозғалуға</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>"Бауырсақтың Денсаулық әлеміне саяхаты"</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>"Қоян Айболитке қонаққа келді"</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Заттардың үстінен</p>	<p>Мүсіндеуден ойын-жаттығу</p> <p>"Шуақты күн"</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды "шуақ"</p>

	гимнастикалық қабырғаға көтеріле білуін, массаж жолдарымен жүру қабілетін бекіту; тепе-теңдік сезімін дамыту, белгілі бір бағытта жүгіруді жүзеге асыру, сигналға жауап беру қабілеті; мақсатқа жету барысында қиындықтарды жеңуге үйрету; балаларды ойын сюжетімен таныстыру үшін ертегі кейіпкерін пайдалану; балаларды өз денсаулығын күтуге дағдыландыру.	үйретуді жалғастыру. Балалардың есту тәжірибесін әр түрлі биіктік пен тембрлік дыбыстармен байыту. Балаларды шеңбер бойымен қозғала отырып, заттармен қарапайым қимылдарды орындауға үйрету. Балаларды ән айтқанда қимылмен үйлестіруге, қимыл-қозғалыс кезінде музыканың сипатын жеткізу қабілетін дамыту. Балаларға таныс би қимылдарын қолдануға және оларды әуенмен орындауға үйрету.	Балаларды допты кішкене биіктен домалатуға үйрету; допты алға, жоғары лақтыру және екі қолмен ұстау қабілеттерін бекіту; жүру және жүгіру, көлбеу тақтадан жоғары және төмен жүру, «жыланша», еркін жүру («солдат», «тышқан», «ит», «құс», «аю» және басқалар) дағдыларын бекіту; қолында затты ұстап жүру (доптар).	аттап жүру қабілетін бекіту, орындықта жүргенде тепе-теңдікті дамыту; алға қарай алақан мен тізеде жүру, құрсаудың астымен жүру қабілеттерін бекіту.	сөзімен таныстыру, ермексазды қолдың түзу қозғалысымен есуді үйретуді жалғастыру, ұсақ қол маторикасын дамыту, өз еңбегіне қуана білу.
--	---	---	--	--	--

Серуенге дайындық **"Киіну-шешіну".**
Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)

Серуен	Аула сыпырушының жұмысын бақылау. Адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу; басқаларға көмекке келуге үйрету. Серуендеу кезінде балалардың назарын сыпырушының жұмысына аудару: «Қараңдаршы, ол қалай тырысады, қарды алып тастайды, сендерге ойнайтын орын болу үшін жолдарды тазартады». Сыпырушының өз	Адамдарды бақылау. Өтіп бара жатқан адамдар қалай киінеді? Бірлесіп жұмыс істеуге, мақсатқа жалпы күшпен жетуге үйрету. Балалардың назарын өтіп бара жатқан адамдардың қалай киінгеніне аудару. Олардың жазда қалай киінгенін естерінде сақтату. Ішік, пима, қолғаптар, Арада жоқ тоңғақтар. Баста қалың малақай, Біз тоңбаймыз, алақай.	Көліктертерді бақылау Мақсаты: көпшілік көліктері туралы білімдерін тиянақтау, жолда жүру ережелерін білу; үлкендер еңбегі мен техникаға деген қызығушылыққа тәрбиелеу. Сендер қандай көпшілікке арналған көлік түрлерін білесіңдер? Автобустар тоқтайтын	Ағашты бақылау Қыста өсімдіктердің тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру; табиғатты құрметтеуге тәрбиелеу. Балаларға аязды күндері бұталар мен ағаштардың бұтақтары өте нәзік, тез сынатындығын, сондықтан оларды қорғауға, сындырмауға, шпатламен дінге	Күнді бақылау. Табиғат құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру; күннің барлық мезгілдерде жарқырап тұратындығын көрсету, күнге қарамау керек деген ой қалыптастыру. Күн шығып тұр, сондықтан күн ашық. Қар күн сәулесінде әдемі жарқырайды. Күн жарқырамаса- бұлтты.
---------------	--	--	--	--	--

	<p>жұмысын жақсы орындайтындығын, күрек пен сыпырғышпен шебер жұмыс жасайтындығын нақтылау.</p> <p>Қимылды ойын «Торғайлар» Бір, екі, үш – Торғай болып ұш. Бір, екі, үш – Торғай болып қалқы. Бір, екі, үш – Торғай болып қон.</p>	<p>«Сырғанақ» жаттығуы Мақсаты: балаларға мәтінді тыңдауға және мазмұнға сәйкес қимылдар жасауға үйрету. Біз тебеміз сырғанақ, Таудан төмен сырғанап. Бір шанада екеуміз, құламайды екенбіз.</p>	<p>жер қалай аталады? (аялдама.) Автобуска қай есіктен міну керек? (алдыңғы) Қай есіктен шығу керек?? (артқы) Автобустың қай жағынан айналып өту керек? (арт жағынан) Неге? (жолда келе жатқан көліктер жақсы көрінеді) Жолдан қалай өту керек? (асықпай, үлкендермен бірге, алдымен сол жаққа, сонан соң оң жаққа қарау керек) Төрт аяғы дөңгелек, Қозғалады орнынан Жүреді ол дөңгелеп, Жүйткіді желменен, Дауысы бар гүрілдек.</p> <p>Қимылды ойын «Көліктер мен торғайлар» Ойын шарты: Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Педагог торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып</p>	<p>ұрмауға, шанамен басып қалмауға болатындығын түсіндіріңіз. Жасыл желең жамылған, Асыл моншақ тағылған. Міне сұлу шыршамыз Көптен күтіп сағынған.</p> <p>«Қарғалар» жаттығуы Балалар қарғаны бейнелейді, тәрбиешіге еліктейді, белгі бойынша әрекет тетеді. Қарға, қарға, қарғалар, Қар-қар-қар! Қар үстінде жорғалар. Қар-қар-қар! Боран соқса қар болар, Қар-қар-қар! Бұтаға қонар қарғалар. Қар-қар-қар!</p>	<p>Күн жарқырап тұр, бірақ сыртта аяз бар. Қыста күн жарқырайды, бірақ жылытпайды. Аяз мұрын мен құлақты шағып алады.</p> <p>Қимылды ойын «Екі аяз» Мақсаты: жүгіруге жаттықтыру. Екі доспыз ағайынды Көрген біз ғой талайыңды Мен Аязбын - Қызыл мұрын, Мен Аязбын - Көкшіл мұрын. Мен аңдарды іздеймін Қане, шығындар қояндар! (балалар секіреді, жүгіреді) Қатырамын! (Қашады) Содан кейін тәрбиеші әр түрлі жануарларды атайды, ал балалар қимылдарын салады.</p>
--	---	---	--	--	---

			орындықтарына отыра қалады. Мақсаты: балаларды жылдамдыққа, шапшандыққа үйрету.		
Серуеннен оралу					
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемей. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. Көркем сөз. Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Тақпақ-оятпақ: "Әтеш". Жата ғой, жата ғой, Демалып, ұйықтай ғой. Төсекте: Әтеш ұйықтайды" -б.қ. арқада жатып, қолды бастан жоғары созу, аяқ бірге. Бір қолды жоғары, созылу, әтеш оянды. Зр. Әтеш бидай іздейді"- б.қ. отырып, аяқты айқастыру, қол белде, басты солға, алға, солға еңкейту. Зр. Әтеш су ішеді"- б.қ. өкшеде отырып, қол түсірулі, тізерлеп тұру, қол жоғары, алға және астыға қол созып еңкею, б.қ. оралу. Әтеш секіреді" -б.қ. аяқ бірге, қол белде. 20с. (дене шынықтыру)</p>				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу ""Өс - өс" өлеңі"	«Қоян қайда» дидактикалық ойыны Мақсат-міндеттер.	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу	"Дәрумендер" жаттығуы. Мақсат-міндеттер:	Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Баланың тілін, қолдың

<p>үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Қол - аяқтарының, саусақтарының қозғалғыштығы мен күшін, олардың қимылдарының дәлдігін дамыту. Әр қимылды мәтінмен үйлестіру қабілетін нығайту (саусақ гимнастикасы, саусақ ойындары арқылы). Балаларда «ө» дыбысының дұрыс айтылуын бекіту; Мәтіннің қуанышты интонациясын түсінуге және сөйлеу кезінде белсенді қолдануға, кеңістіктік қатынастарды білдіретін сөздерді (сол қол, оң қол) қолдануға, әрекеттермен үйлестіруге үйрету.</p> <p>«Ауа райы» мультфильмін қарау.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды ауа-райының негізгі құбылыстарын байқауға, ажыратуға, атауға шақыру; ой-өрісін дамыту. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Балалардың кеңістікті бағдарлау қабілетін күшейту; ересек адамның сөйлеуі туралы түсінігін жақсарту; сөздікті кеңейту.</p> <p>Ойыншықтардың қай жерде екенін білу; ойыншық отырғызылатын орынды дұрыс анықтау. Іс-әрекеттерде қателіктер жібермеу.</p> <p>Педагог балаларды қоян отырған шыршаға шақырады. Педагог балалардан: «Қоян қайда отыр? – деп сұрайды. (Ағаш астында, ағаштың артында, ағаштың алдында, ағашта және т.б.) Содан кейін педагог балаларды бір-бірден шақырады және ойыншықтармен қимылдар жасауды ұсынады: құс бұтаққа секірді, саңырауқұлақ шыршаның астында өседі, матрешка үйге жақын, қуыршақ диванға отырады және т.с.с. ... Қоян үстел үстінде тұрады, ал балалар қате жасаған кезде бұрылып</p>	<p>"Біздің деніміз сау"</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларда салауатты өмір салты туралы түсінік қалыптастыру, пайдалы өнімдер, спортпен шұғылдану, мәдени-гигиеналық дағдылар және күнделікті өмір туралы білімдерін бекіту; балалардың сөйлеуін дамыту, толық жауаптармен жауап беруге үйрету, логикалық ойлауды дамыту; денсаулықты күтуге деген ұмтылысты тәрбиелеу.</p>	<p>балалардың дене мүшелерін жетілдіру; ырғаққа сай қимылдауға, көркем сөзге ілесіп айтуға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. Музыкалық сүйемелдеумен өткізіледі. Біз бақшаға барамыз, (Бір орында адымдау) Көкөністер жинаймыз, (Қолы екі жаққа созып, кең ашу) Бірінші қиярды жұламыз, (Еңкейіп қияр жұлған сыңай таныту) Дөп-дөңгелек қызанақ, (Екі қолды біріктіріп дөңгелек пішін жасау) Шалқан өте үлкен ақ, (Қолды белге қойып, кезек-кезек екі жаққа бұрылу) Сәбізім ұзын, Қызыл-сары түсін. (Қолды жоғары көтеріп, отыру) Барлығын жинаймыз, Себетке саламыз. (Қол шапалақтау) (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. <i>"Сен қайда бардың? (орыс халқының тақпағы)</i></p> <p>- Бармақтай балғын! Сен қайда бардың? - Мына бауырыммен Орманға бардым, Мына бауырыммен Іштім де кеспе, Мына бауырыммен Дөп-ботқа жескем, Мына бауырыммен Ән салдым кеште. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев (көркем әдебиет, дене шынықтыру)</p>
---	--	---	---	---	--

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Саусақ жаттығуы. "Бүгін біз қаншамыз?" Мақсат-міндеттер. Балаларды жаттығу сөздерін және саусақтармен қимылдарды қайталауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту. Бүгін біз қаншамыз? (алақандарды ашып, көрсету) Санайық баршамыз. (саусақтарды жыбырлату) Санап-санап, саусақ басып, (саусақтарды кезегімен ішке қарай бұғу) Жинайық жұдырыққа қысып. (жұдырыққа қысу) Д. Ахметова (көркем әдебиет, дене шынықтыру)</p>	<p>кетеді.</p> <p>"Пирамида жинау" ойыны (шағын топпен ойын). Мақсат-міндеттер: балаларға пирамида жинауға, пирамида сақиналарының түс атауларын есте сақтауға үйретуді жалғастыру Пирамида кішкентай, 3 сақинадан тұруы қажет. (сенсорика)</p>	<p>"Отырған мынау ақ қоян..." ойыны. Алаңның бір жағында қояндардың орны белгіленді. Әр бала өз орнына тұрады. Тәрбиешінің: "Қоршауға жүгіріңдер" - деген сигналы бойынша барлық балалар дөңгеленіп тұрады, ал қоянның біреуі ортаға шығады. Балалар тәрбиешімен бірге такпақ оқиды да текстің мазмұнына қарай қимыл жасайды. Отыр аппақ, бір қоян. Неткен сап-сақ бұл қоян. Құлақтары делеңдеп, Әр дыбысқа елеңдеп. Балалар дөңгеленіп тұрады. "Құлақтары делеңдеп" - деген сөз тіркесінен бастап ойын аяғына дейін балалар қолдарын жоғары көтеріп білезіктерінен бастап қимылдатады. Қоян сияқты секіреді.</p>	<p>"Дәрумендер". Ермексаздан кесектерді үзіп, жұлу, шарларды илеу, бағандарды есу, ұштарын қосу амалдарын игерту. (мүсіндеу)</p>	<p>Қимыл жаттығуы. "Мен өсемін". - Мен өсемін, Бойым өседі. Ойым өседі. Өзіме: "Өс-өс-өс!" – деймін. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Әңгіме. «Баланы еңбексүйгіштікке тәрбиелеудің құндылығы», «Ерте жастағы бала қандай міндеттерді орындай алады?», «Баланың өз қолымен жасаған іс-әрекетінің нәтижесіне қуанышты қатынасын тәрбиелеу».</p>				